

«Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университет» КеАҚ ұйымдық құрылымдары қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесі бойынша

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Орал қаласы

20 қазан 2024 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 18.11.2015 жылғы Заңына, 30.12.2022 жылы бекітілген № 488 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» және 07.04.2021 жылы бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға» сәйкес жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі: «Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің» Басқарма төрағасы-ректорының 2024ж.25.09. № 23 санды бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі:

1. Әскери кафедра
2. Персоналды басқару басқармасы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі:

2024 жылдың 24.09.-24.10 аралығы

Қызметіне талдау жүргізілетін уақыт аралығы:

2023 жылдың 2-ші жартыжылдығы 2024 жылдың 1-ші жартыжылдығы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің бағыттары:

1. Ұйымдық құрылымдар қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер мен ішкі актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2. Ұйымдық құрылымдардың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

ӘСКЕРИ КАФЕДРА

1. Құрылым қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер мен ішкі актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті "КЕАҚ өз қызметін Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. №319" Білім туралы "Заңына, Қазақстан Республикасының 18.02.2011 ж. №407" Ғылым туралы "Заңына, Қазақстан Республикасының" Акционерлік қоғамдар туралы "13.054.2003 ж. №415 Заңына, Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырады., сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттармен (ережелер, нұсқаулықтар, регламенттер, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер және т.б.).

Нормативтік-құқықтық актілер мен ішкі актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында Әскери кафедраның Ережесі,

лауазымдық нұсқаулар, жылдық жоспарлар (2023-2024 1-ші және 2-ші жартыжылдықтарының жоспарлары), іріктеу комиссияның хаттамаларының көшірмелері, т.б. ішкі құжаттар зерделенді.

Әскери кафедра Ережесінің 5. Құқықтары бөлімінде бекітілген қызметкерлер құқықтарының басым бөлігі «құқыққа» жатады, бірақ, 5.2.2 т. яғни, профессорлық-оқытушылар құрамының оқу жүктемелерін бөлу міндетке жатады.

Тәуекел: «Құқылы» формуласы бойынша айқындалған құзыреттілік кафедра оқытушыларын берілген мүмкіндік ретінде түсіндіріледі, міндеттеу сипаты жоқ.

«Запастағы әскерилер бағдарламасы бойынша әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің 2017 жылғы 24 шілдедегі №375 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2020 жылғы 19 қазандағы № 534 бұйрығына және Әскери кафедра бастығының лауазымдық нұсқаулығына сәйкес, әскери дайындыққа тікелей басшылық жасауды Әскери кафедра бастығы жүзеге асырады.

Лауазымдық нұсқаулықтың 4. 4.3. Әскери кафедрасы бастығы құқылы бөлімінде кафедра бастығының «4.3.8. Педагогикалық және ұйымдастырушылық қызметтегі жетістігі үшін материалдық және моральдық жағынан көтермелеуге» құқығы бар деп бекітілген.

1. Бұл норма әскери кафедра бастығына кең өкілеттіліктер береді. Ұйымдық құрылым ретінде кафедра бастығы жеке құрамға қатысты қызметкерлерді ынталандыру шараларына ұсынуға құқылы, ал ынталандыру туралы бұйрық Университет немесе Қорғаныс министрлігінің басшылығы тарапынан шығарылады.

2. Лауазымдық нұсқаулықта жеке құрамға қатысты тәртіптік жаза қолдану мәселесі қарастырылмаған, бұл жерде әскери кафедра бастығы тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныспен Қорғаныс министрлігінің немесе Университет басшылығына жүгінуге міндеттілігі көрсетілуі қажет.

II. Құрылымның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Құрылымның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі келесі бағыттар зерделенді:

1) Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

Әскери кафедраның штаттық кестесіне сәйкес қызметкерлер саны – 16. Тәртіптік жаза қолдану: 2023ж.03.05. № 85 §6 бұйрыққа сәйкес ҚР Еңбек кодексінің 64 б. 1 т. 1, 2 т. сәйкес өз қызметтік міндеттерін тиісті түрде орындамағаны үшін ӘК бастығы А.Ж. Конировке ескерту, ӘК Цикл бастығы Ж.К.Сарсенғалиевке сөгіс жарияланған, 2023ж.31.05. № 100 §13 бұйрыққа сәйкес ҚР Еңбек кодексінің 64 б. 1 т. 3 т. сәйкес өз қызметтік міндеттерін тиісті түрде орындамағаны үшін ӘК оқытушысы Ж.Е.Мусинге қатаң сөгіс жарияланған, 2024ж.27.02. № 42 §4 бұйрыққа сәйкес ҚР Еңбек кодексінің 64 б. 1 т. 1 т. сәйкес өз қызметтік міндеттерін тиісті түрде орындамағаны үшін ӘК оқытушысы қ.Нәсіпқалиұлына ескерту жарияланған, 2024ж.23.04. № 79

§4 бұйрыққа сәйкес ҚР Еңбек кодексінің 64 б. 1 т. 3 т. сәйкес өз қызметтік міндеттерін тиісті түрде орындамағаны үшін ӘК оқытушысы А.В.Махоринге ескерту жарияланған, қызметкерлерге қатысты жұмыс беруші бастамасымен еңбек шартын бұзу фактілері орын алмаған.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу.

Бос лауазымдарды атқару барысында бір-біріне тікелей бағыныстылықта жұмыс жасайтын, жасаған жақын туыстар (ата-анасы), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар анықталған жоқ.

3) Рұқсат беру және бақылау функцияларын іске асыру.

ҚР Қорғаныс министрлігінің 2023 жылғы оқу орындары жанындағы әскери кафедраларға запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша студенттерді қабылдау жоспарына сәйкес ақысыз негізде – 127 студент (тегін), ақылы негізде – 133 студент қабылданған.

2023-2024 оқу жылы запастағы сержант бағдарламасы бойынша ақысыз (тегін) – 100, ақылы – 90 студент қабылданған.

Әскери кафедраға түсушілерге арналған рейтингтік балды есептеу кестесінде Әскери кафедраға қабылдаудың 3 кезеңі бекітілген:

1. Кәсіби-психологиялық тестілеу
2. Дене шынықтыру бойынша нормативтерді тапсыру
3. Оқу үлгерімінің орташа көрсеткіші.

Үміткерлерді іріктеудің объективтілігіне көз жеткізу үшін кәсіби-психологиялық тестілеу нәтижесі қанша уақытқа дейін сақталатыны, бейне бақылаудың орнатылғаны туралы ақпараттар сұралды. Бейне бақылау орнатылмағаны анықталды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі: әскери кафедраға қабылдау кезіндегі ашықтық пен айқындықтың қамтамасыз етілмеуі.

Нақты айтқанда:

- 1) кәсіби-психологиялық тестілеудің өту барысының бейне бақылаумен қамтамасыз етілмеуі, қайталап тексеру мүмкіндігінің болмауы;
- 2) дене шынықтыру нормативтерін тапсыру барысына сыртқы бақылаудың әлсіздігі.

Әскери кафедраға ақылы негізде қабылдау барысында оқу ақысы қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестендірілген. Запастағы офицерлер мен запастағы сержанттардың даярлау бағдарламасы бойынша ақысы – 180000 теңге. 2022-2023 ж., 2023-2024 ж. оқу жылдарында ақылы негізде қабылданған студенттердің өтініші негізінде артық төлем сомалары қайтарылған.

АНЫҚТАЛҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ МЕН КЕМШІЛІКТЕРДІ ЖОЮ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР:

1. Әскери кафедра Ережесінің 5. Құқықтар және міндеттер бөлімін қайта қарау, тиісті өзгерістер енгізу.
2. Әскери кафедра бастығының лауазымдық нұсқаулығының 5. Құқықтар бөлімінде «құқылы» формуласымен айқындалған жеке құрамға тәртіптік жаза қолдануға қатысты норманы лауазымдық нұсқаулықтың «лауазымдық міндеттер» бөліміне ауыстыру.

3. Әскери кафедраға қабылдау процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылдан бастап кәсіби-психологиялық тестілеудің өту барысын бейне бақылаумен қамтамасыз ету.

4. Іріктеу комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне Әскери кафедраға қабылданушылардың орташа үлгерім көрсеткіштерінің нақты, дұрыс есептелуіне қатысты жауаптылық белгілеу.

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БАСҚАРМАСЫ

1. Құрылым қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер мен ішкі актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Персоналмен жұмыс жөніндегі басқарманың ішкі актілерін талдау барысында жарғы, СМЖ персонал менеджменті, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары, басқарма қызметін реттейтін бұйрықтар мен ішкі нормативтік құқықтық құжаттар зерделенді.

II. Құрылымның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Құрылымның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі келесі бағыттар зерделенді:

1) Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

Талданған кезеңде БҚАТУ кадрларын іріктеу тәртібі БҚАТУ ПОҚ және ғылыми қызметкерлері лауазымдарына конкурстық орналасу қағидаларын жүзеге асырды. Есепті кезеңде (2023 ж. 2-ші жартыжылдығы – 2024 ж. 1-ші жартыжылдығы) ПОҚ саны 298, дәрежелі кадрлардың пайыздық үлесі – 44% құрады, конкурстық комиссиядан өтті: кафедралардың профессорлары – 0, кафедралардың доценттері – 0, аға оқытушылар – 2, оқытушылар – 7. 29 қызметкер жұмыстан босатылды (магистратура мен докторантураға түсуіне байланысты - 0, денсаулық жағдайы бойынша – 0, қайтыс болуына байланысты – 0, басқа қалаға көшуіне байланысты – 0, шарт мерзімі аяқталған – 1, отбасылық жағдайлар бойынша – 0, қызметкердің бастамасы бойынша – 28.

Теріс себептермен жұмыстан шығарылғандар, тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар жоқ. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар жоқ, сондай-ақ қызметкерлердің қылмыстық және әкімшілік сипаттағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны анықталмаған.

2023-2024 жылдары ведомстволық марапаттармен – 48 қызметкер (медальдармен, құрмет грамоталарымен және алғыс хаттармен), Ұлттық валюта күніне және міндеттерді мінсіз орындағаны үшін – 13 (ақшалай баламадағы сыйлықтар), БҚАТУ 60-жылдығына және Республика күніне орай – 651, жыл қорытындысы бойынша – 648 қызметкер марапатталды. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарға сәйкес қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық қызметінің профилактикасына сондай-ақ қызметте сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолданудың тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстар тұрақты түрде жүргізілді.

Кадрлық шешімдерге шағымдар түскен жоқ.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу.

Бос лауазымдарды атқару барысында бір-біріне тікелей бағыныстылықта жұмыс жасайтын, жасаған жақын туыстар (ата-анасы), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар анықталған жоқ.

3) Рұқсат беру және бақылау функцияларын іске асыру.

Аталған бағыт бойынша БҚАТУ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

АНЫҚТАЛҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ МЕН КЕМШІЛІКТЕРДІ ЖОЮ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР:

1. Әскери кафедра Ережесінің 5. Құқықтар және міндеттер бөлімін қайта қарау, тиісті өзгерістер енгізу.

2. Әскери кафедра бастығының лауазымдық нұсқаулығының 5. Құқықтар бөлімінде «құқылы» формуласымен айқындалған жеке құрамға тәртіптік жаза қолдануға қатысты норманы лауазымдық нұсқаулықтың «лауазымдық міндеттер» бөліміне ауыстыру.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ІШКІ ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ҰСЫНЫСЫ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесі бойынша Талдамалық анықтаманы Басқарма төрағасы-ректорға ұсыну.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесі бойынша Талдамалық анықтаманы алқалы түрде қарау.

3. Талдамалық анықтаманы Университеттің интернет-ресурсына орналастыру.

Комплаенс-офицер



А.Дюйсенгалиева